4782276

«ЛЗБТ» ЖШҚ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ

НҰСҚАУЛЫҚ

ЭЛЕКТР ПЛИТА



Құрметті тұтынушы!

Біздің плитамыз Сіздің асүйіңіздегі сенімді көмекшіңізге айналады. Ол үнемді, жұмыста сенімді, басқаруға ыңғайлы және оны күтіп ұстау оңай. Өзіңіз бен отбасыңызды біздің плитаның көмегімен дайындалған дәмді әрі пайдалы тағамдармен қуантыңыз.

Егер Сізде сұрақтар, ескертулер немесе ұсыныстар туындаса, бізге мына байланыс телефондары арқылы хабарласыңыз:

(34-249) 3-03-75

Біз Сізге міндетті түрде жауап береміз.

Қызметтердің жұмыс уақыты (Мәскеу бойынша):
дүйсенбі - жұма
сағ. 6.00-ден 14.30-ға дейін (үзіліс сағ. 10.00-ден 11.00-ге дейін)

Біз Сіз үшін жұмыс істейміз!

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
АТКИ.681913.011 РЭ

ЭЛЕКТР ПЛИТА

Бұл нұсқаулық тұтынушыға арналған. Онда электр плитаның құрылысы, сондай-ақ оның қалай басқарылатыны сипатталады.

Нұсқаулық электр плиталардың түрлі модельдерін қамтиды, сондықтан онда Сіздің плитаңызда жоқ функциялар мен бөлшектер сипатталуы мүмкін.

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Ондағы нұсқаулар Сізге осы плитаның барлық артықшылықтарын пайдалануға көмектеседі.

Біздің плиталар үнемі жетілдіріліп, сипаттамалары жақсартылып, дизайны жаңартылып отырады, сондықтан нұсқаулықтағы суреттер мен белгіленімдер Сіздің моделіңіздің суреттері мен белігленімдерінен сәл ерекшеленуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ:

1 МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР 4
2 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ 4
3 ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ 5
4 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ 8
5 ЭЛЕКТР ПЛИТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ 9
6 ЭЛЕКТР ПЛИТАНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ 10
6.1 АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛЬ 10
6.2 ЖОҒАРҒЫ ПАНЕЛЬ 11
6.3 ҚУЫРУ ШКАФЫ 12
7 ҚУЫРУ ШКАФЫНДА ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР 13
8 ПЛИТАНЫ КҮТІП ҰСТАУ 14
9 САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ 15
10 ТОЗҒАН АСПАПТЫ 15
11 КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ 16
12 ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК 20
№1 кепілдік талонының түбіртегі 21
№2 кепілдік талонының түбіртегі 23

1 МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР

- Плитаның зақымдалмағанына және жиынтығының толықтығына көз жеткізіңіз. Сауда (монтаждау) ұйымынан плитаның жұмыс қабілетін тексеруді және Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың соңындағы (20, 21, 23)-беттер) сату туралы куәлік пен кепілдік талондарын дұрыс толтыруын талап етіңіз.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және міндетті түрде сақтап қойыңыз, ол плитаға дұрыс қызмет көрсетуге және туындаған мәселерді шешуге көмектеседі.
- Плитаны қосуды қолданыстағы ережелер мен стандарттарды сақтай отырып электр плиталарды орнату және оларға қызмет көрсету құқығы бар монтаждау ұйымдарының тиісті біліктілігі бар мамандар ғана жүргізуі тиіс.
- Құрылғыны қосу кезінде орнату талоны (20-бет) толтырылуы тиіс.

2 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

- Плиталар электр сымдары плитаның өрт- және электр қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орынжайларда орнатылуы тиіс.

Назар аударыңыз! Плитаны жерге тұйықтамай қоспаңыз!

- Жуар алдында және күтім жасау бойынша басқа жұмыстар алдында плитаны желіден ажыратып қою қажет.
- Плитаның барлық қыздыру элементтерін ажыратқаннан кейін ғана айырды розеткадан шығаруға болады.
- Егер электр плитаның жанында басқа электр аспабы қосылған штепсель розеткасы болса, электр аспабының жалғағыш сымы плитаның қызатын жерлеріне тиіп тұрмағанына немесе плитаның есігімен қысылып қалмағанына көз жеткізу қажет.
- Жарты жылда бір реттен кем емес плитаның жалғағыш сымының күйін тексеріп отырыңыз. Қуат сымы зақымдалған кезде оны арнайы сыммен немесе өндірушіден немесе оның агентінен алынатын жиынтықпен ауыстыру керек.
- Плитаны кепілді және ағымдағы жөндеуді электр плиталарға қызмет көрсету құқығы бар ұйымдардың мамандары ғана жүргізе алады.
- Плитаның ақаулықтары байқалған кезде өндіруші зауытқа немесе кепілдікті жөндеумен айналысатын ұйымға хабарласыңыз.

Назар аударыңыз Плитаның конструкциясына кез келген өзгерістер енгізуге тыйым салынады!

Мыналарға тыйым салынады:

- ақаулы плитаны пайдалануға
- қосулы плитаны қараусыз қалдыруға;
- плитаны бөлмелерді жылыту және жуылған кірді кептіру үшін пайдалануға;
- плитаның үстіне барлық жүктемені 20 кг асыруға;
- қуыру шкафының ішін алюминий жұқалтырмен қаптауға және қуыру шкафы түбінде ыдыс қалдыруға, сөйтіп ішіндегі ауа айналымын бұзуға және эмальді құртуға;
- плитаның жанында тез тұтанатын, жарылғыш заттарды, сондай-ақ температуралардың көтерілуіне төзбейтін (қызуға төзімді емес) заттарды ұстауға;

- плитаны өрт қауіптілігі жоғары орындарда орнатуға (ағаш, тұсқағазбен, жанғыш пластикпен жабылған және т.б. беттерге тым жақын орнатуға).

- үстіңгі панельді өздігінен көтеруге, артқы қорғаушы қақпақты шешіп алуға және плитаға қандай да бір жөндеу жүргізуге;

- айырды розеткадан суыру үшін жалғағыш сымнан ұстап тартуға;

- қызған қуыру шкафына пластмасса ыдысты және жоғары температураға төзімді емес басқа бөлшектері бар ыдысты қоюға.



Назар аударыңыз!

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе білімі мен тәжірибесі жетпейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарды қадағалап отыратын жағдайларды немесе қауіпсіздікке жауапты адам оларға осы аспапты пайдалануға қатысты нұсқаулар берген жағдайларды қоспағанда.

Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында оларды қадағалап отыру қажет.

- Қолжетімді бөлшектер пайдалану кезінде қызып кетуі мүмкін. Оларға балаларды жолатпаңыз.

- Май көп қосылатын тағамдарды дайындаған кезде абай болыңыз. Қызып кеткен майлар тұтануы мүмкін. Тұтанған майды сумен сөндіруге болмайды, ыдысты қақпақпен нық жабыңыз.

- Электр плитаның ішіне су кіруіне жол бермеңіз.

- Кемпіректердің бетінде жарықтар пайда болса, оларды пайдаланбаңыз



Назар аударыңыз Өндіруші плитаны дұрыс пайдаланбаудан туындаған ақаулар үшін жауапкершілік көтермейді.

3 ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ




Назар аударыңыз Плитаны орнату және қосу жөніндегі нұсқаулықтар тиісті ұйымдардың мамандары үшін ғана берілген!

1) Плитаны ағаш науадан алыңыз. Бұл үшін онда төменде орналасқан 2 бұраманы бұрап шешіп алыңыз. Плитаны жылжытқан кезде оны қуыру шкафының тұтқасынан көтеруге тыйым салынады. Электр плита қуару шкафының есігі ашылған күйінде, үстінен ұстап жылжытылады.

2) Плитаның және электр желісінің электр параметрлерінің сәйкестігін, сондай-ақ жерге тұйықталуын тексеріңіз.

3) 1-суретке сәйкес полярлықты сақтай отырып, плитаның жиынтығына кіретін штепсель розеткасын оңай жететін жерге орнатыңыз.



1-сурет. Розетканы қосу

Клемма 1 – жерге тұйықтау сымына
Клемма 2 – фазалық сымға
Клемма 3 – нөлдік сымға

Орнына орнатылған плита розетканы жаппауға тиіс. Жеткізуші кабельді температурасы 70 °С жетуі мүмкін жерлерден өткізуге болмайды.

4) Плитаның артқы қақпағының өздігінен оятын бұрамаларын бұрап шығары, жалғағыш сымды айырмен бірге сыртқа шығарыңыз да артқы қақпақты бекітіңіз. Жалғағыш сым артқы қақпақтағы төменгі тесік арқылы өтуі тиіс.

5) Плитаны орнатыңыз. Еден тегіс болмаған жағдайда, плита кездейсоқ жылжып кетпес үшін, оның көлденең күйін реттеп алыңыз.

Егер плита тұғырға орнатылмаса, оның тұғырдан сырғып кетпеуі үшін шаралар қолдану керек.

Бұйым аударылып кетпей, орнықты тұруын қамтамасыз ету үшін оны сөрелерге арналған екі бұрыштықтың (жеткізу жиынтығына кірмейді) көмегімен бекіту қажет. Сізге аударылып кетуден қорғаныш орнату қажеттілігі туралы еске салу үшін, плитаңыздың артқы қақпағында 2-суретте көрсетілген арнайы символдары бар ақпарат жапсырылған.




АСПАПТЫҢ АУДАРЫЛЫП КЕТУІН БОЛДЫРМАУ ҮШІН, АРНАЙЫ ҚОРҒАНЫШ ҚҰРАЛДАРЫН ОРНАТУ ҚАЖЕТ. АУДАРЫЛЫП КЕТУДЕН ҚОРҒАНЫШТЫ ОРНАТУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР АЛУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП АЛЫҢЫЗ.




2-сурет. Ақпараттық жапсырма

Плитаның артқы жағынан аударылудан қорғанышты орнатуға арналған 2 ойық бар (3-сурет). Құрылыс дүкенінен 125х100 сөрелерге арналған екі бұрыштық (4-сурет) сатып алу қажет және плитаның артындағы қабырға материалының түріне сәйкес келетін бұрыштықтар бекітпесін (мысалы, дюбельдері бар бұраншегелер немесе бұрамалар) таңдап алу қажет.




Кронштейндерге арналған ойықтар

3-сурет. Ойықтар



4-сурет. Сөрелерге арналған бұрыштық (кронштейн)

5-суреттегі схемаға сәйкес, кронштейндерді бекітуге арналған тесіктерді белгіленіз. Егер плита астына төсемдер немесе тұғыр пайдаланылатын болса, тесіктерді белгілеген кезде олардың қалыңдығын да ескеру қажет. Бұрыштықтарды қабырғаға сенімді бекітіңіз де, плитаны орнына жылжытыңыз.



5-сурет. Кронштейндер үшін қабырғаны белгілеу схемасы.

6) Плитаны желіге қуат ауыстырғыштардың тұтқалары нөлдік күйінде болған кезде қосыңыз. Плитаның жұмыс қабілетін тексеріңіз.

7) Егер плитаның жұмысына қатысты проблемалар туындаса, плитаны желіден ажыратыңыз, плитаның жоғарғы панеліндегі ең жақын тұрған өздігінен оятын 2 бекіту бұрамасын бұрап шығарып, оны көтеріңіз де барлық түйіспелі қосылыстардың сенімділігін тексеріңіз. Плитаның артқы қақпағының өздігінен оятын бұрамаларын бұрап шығарып, шешіп алыңыз да түйіспелі қосылыстарын тексеріңіз. Жоғарғы панельді және артқы қақпақты орнына салып, бұрамалармен бекітіңіз.

Плитаның жұмыс қабілетін тексеріңіз.

Мыналарға тыйым салынады:

- жерге тұйықтау үшін су құбыры, жылыту, кәріз элементтерін және жерге табиғи түрде тұйықталған құрылғыларды пайдалануға болмайды.
- ұластырғыларды, ұзартқыштарды, қосарлы және одан көп тармақты розеткаларды пайдалануға болмайды.

4 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Қуыру шкафының эмальданған беттері мен қабырғаларын жуғыш құрал пайдалана отырып, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Құрғатып сүртіңіз.

Кемпіректерді ыдыс қоймай, ауыстырғыштардың тұтқаларын «1» күйіне орнатып бір сағат, содан кейін максималды қуатта 5...6 мин қыздырыңыз.

Қуыру шкафын есігін ашық қалдырып, ауыстырғыштың тұтқасын «=» күйіне қойып,

температураны 100°С-қа қойып, бір сағат қыздырыңыз. Қыздыру кезінде шығатын иіс денсаулыққа зиянды емес, бірақ бөлмені желдету қажет.

ПЛИТА ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН.

5 ЭЛЕКТР ПЛИТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ

Плита тұрмыстық жағдайда ғана пайдалануға арналған.

Бұл плита пісіру, қуыру, ет, балық және көкөніс тағамдарын бұқтыру, нан тағамдарын пісіру, саңырауқұлақтар, көкөністер, жемістер кептіру кезінде тілегеніңізді барынша қанағаттандыру үшін жасалған.

Назар аударыңыз! Плитаны пайдаланған кезде ерекше дыбыстар (шертулер, шыртылдар) пайда болуы мүмкін. Бұл температура өзгерген кезде құрылғының жекелеген бөлшектерінің температуралық сығылуымен немесе кеңеюімен байланысты болады және бұл ақаулыққа жатпайды.

Плитаның жиынтықталымы мен оның техникалық сипаттамалары, моделіне қарай, тиісінше 1-кестеде және 2-кестеде келтірілген.

1-кесте

Плитаның моделі / Атауы	ЭП 301СТ	ЭП 401СТ	ЭП 411 СТ
Электр плита	*	*	*
Қаңылтыр таба	*	*	*
Тұмшапештің торы	*	*	*
Розетка	*	*	*
Пайдалану жөніндегі	*	*	*
Қаптама	*	*	*

2-кесте

Модель	ЭП 301СТ	ЭП 401 СТ	ЭП 411 СТ
Плитаның түрі	ЭБЧШ 5-3-6,0-230	ЭБЧШ 5-4-7.0-230	ЭБЧШ 5-4-7,0/5,5-230
Габариттік өлшемдері, см			
ені	50	50	50
тереңдігі	60	60	60
биіктігі	84	84	84
Тұмшапештің көлемі, л	57	57	57
Нетто салмағы, кг	34	36	36
Номинал кернеуі	230 В	230 В	230 В
Ток түрі	айнымалы		
Белгіленген қуат, кВт	6,0	7,0	7,0
Бір мезгілде тұтынылатын қуат, кВт	6,0	7,0	5,5
Жоғарғы ТЭҚ қуаты, кВт	0,8	0,8	0,8
Төменгі ТЭҚ қуаты, кВт	1,2	1,2	1,2
Кемпіректердің қуаты, кВт			
Алдыңғы сол жақ	1,0	1,0	1,0
Алдыңғы оң жақ	1,5	1,5	1,5
Артқы сол жақ	1,5	1,5	1.5
Артқы оң жақ	----	1,0	1.0

Плитаның құрамдас бөліктерінің орналасуы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. Электр плита


6 ЭЛЕКТР ПЛИТАНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ

6.1 АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛЬ

Плитаның алдыңғы панелінде басқару тұтқалары, батырмалар мен сигнал шамдары орналасқан, олардың арналуы 7-9 суреттерде көрсетілген.

Алдыңғы панельдегі символдар шартты түрде көрсетілген.


Суреттерде бөлек көрсетілгендерді қоспағанда, басқару тұтқалары шеңберлі айналады. Температура реттегішінің тұтқасындағы «0» символы «сөндірулі» күйін білдіреді, қалған символдар қуыру шкафының қыздыру температураларына сәйкес келеді.



7-сурет. ЭП 401СТ плитасының алдыңғы панелі

Сигнал шамы бар қуыру шкафының температурасын реттегіштің тұтқасы (шеңберлі айналмайды)

Электр кемпіректердің қуат ауыстырғыштарының тұтқалары, сигнал шамы бар




Қуыру шкафының режимдерді таңдау ауыстырғышының тұтқасы, сигнал шамымен және келесі күйлермен:
1. әлсіз жоғарғы және төменгі қыздыру;
2. жоғарғы қыздыру
3. төменгі қыздыру;
4. қатты жоғарғы және төменгі қыздыру.

8-сурет. ЭП 301СТ плитасының алдыңғы панелі

Сигнал шамы бар қуыру шкафының температурасын реттегіштің тұтқасы (шеңберлі айналмайды)

Электр кемпіректердің қуат ауыстырғыштарының тұтқалары, сигнал шамы бар



Қуыру шкафының режимдерді таңдау ауыстырғышының тұтқасы, сигнал шамымен және келесі күйлермен:
1. әлсіз жоғарғы және төменгі қыздыру;
2. жоғарғы қыздыру
3. төменгі қыздыру;
4. қатты жоғарғы және төменгі қыздыру.

Бұғатталатын электр кемпірекьің қуатын ауыстырғыштың тұтқасы, сигнал шамымен

9-сурет. ЭП 411СТ плитасының алдыңғы панелі

6.2 ЖОҒАРҒЫ ПАНЕЛЬ

Плитаның жоғарғы панелінде (6-сурет) диаметрлері әртүрлі 3 немесе 4 кемпірек орнатылған, олардың қыздыру температурасы алдыңғы панельде орналасқан ауыстырғыштардың тұтқаларымен реттеледі.

Кемпіректі қосу үшін ауыстырғыштың тиісті тұтқасын тамақ дайындаудың қажет режиміне сәйкес келетін күйге орнату керек (3-кесте). Бұл ретте электр кемпірек қосылуының сигнал шамы жанады.


3-кесте

Кемпірек ауыстырғышының тұтқасындағы белгі	Кемпіректердің жұмыс режимдері
0	Кемпірек сөндірулі
1	Азғантай тамақты қыздыру және дайын тағамдардың температурасын ұстау
2	Қыздыру
3	Қыздыру және қайнату, яғни тамақты көп мөлшерде ұзақ әзірлеу
4	Қуырылған тағамдар дайындау
5	Көп мөлшердегі майда қуыру
6	Жылдам қыздыру

Назар аударыңыз! Плитаны желіге қосар алдында ауыстырғыштардың тұтқалары «0» күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Тамақты ол қайнағанға дейін ең жоғары қуатта әзірлей бастау керек. Содан кейін электр кемпіректі өзіңізге қажетті режимге ауыстырыңыз. Дайындау аяқталғанға дейін 5-10 мин. бұрын электр кемпірегін сөндіріңіз. Бұл электр кемпіректің жиналған жылуын пайдалануға мүмкіндік береді және электр энергиясының үнемделуін қамтамасыз етеді.

Электр энергиясы шығысын төмендету, тамақ дайындау процесін жеделдету және кемпіректердің қызмет мерзімін арттыру үшін ыдысты дұрыс таңдау қажет. Ыдыстың түбі жалпақ әрі тегіс болуы тиіс, түбінің диаметрі электр кемпіректің диаметріне тең немесе одан сәл үлкендеу болуы тиіс.



10-сурет. Ыдыс таңдау

Тамақ әзірлеу кезінде ыдысты қақпақпен жабыңыз, ыдыстың түбі әрдайым таза болуын қадағалаңыз. Бұл сондай-ақ тамақ әзірлеу уақытын қысқартады және электр энергиясын үнемдейді.

Назар аударыңыз Электр кемпіректерді ыдыссыз қосулы күйінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз! Бұл кемпіректердің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Электр кемпіректер тоттанбас үшін түбі құрғақ ыдысты пайдаланыңыз. Кемпіректерді температураның күрт өзгеруінен сақтаңыз.

ЭП411СТ моделіндегі плитада электр желісін асқын жүктелуден сақтандыру үшін жоғарғы панельдің ең жақын оң жақ электр кемпіректі бұғаттау көзделген. Бұл қуыру шкафы жұмыс істеп тұрған кезде осы кемпіректің желіден ажыратылғанын және қосылған кезде қызбайтынын білдіреді.

6.3 ҚУЫРУ ШКАФЫ

Қуыру шкафы алдыңғы панельде орналасқан тұтқалармен басқарылады. Қуыру шкафын қосқан кезде сигнал шамы жанады (алдыңғы панельдердің суреттерін қараңыз).

Қуыру шкафын пайдаланған кезде ауыстырғыштың тұтқасын өзіңізге қажетті режимге, ал терморетегіштің тұтқасын қажетті температураға орнатыңыз.

Назар аударыңыз! Термореттегіш пен реле-таймердің тұтқалары шеңберлі айналмайды. Қосқан кезде оларды сағат тілі бойынша айналдыру, ал сөндірген кезде сағат тіліне қарсы айналдыру керек.

Қуыру шкафы берілген температураға дейін қызған бойда, термореттегіш қуыру шкафының қыздырғыштарын өшіреді. Температура берілген мәннен төмендесе, термореттегіш қуыру шкафының қыздырғыштарын қайтадан қосады, мұны алдыңғы панельде орналасқан шам сигнал білдіреді.

Қуыру шкафында, астынан бастап, қаңылтыр табаға (торға) арналған бағыттауыш 4 деңгей жұмыс істейді.

Қуыру шкафын пайдаланар алдында біздің "Қуыру шкафында тағам әзірлеу жөніндегі ұсыныстарымызды" (13-бет) оқып алыңыз. Пісіру кезінде қуыру шкафының есігін жиі аша бермеген жөн.

11-суретте қуыру шкафының ауыстырғыш тұтқасындағы символдар мәндері келтірілген.

Қуыру шкафының керек-жарақтарына кіретіндер:

- Кондитерлік өнімдерді, бәліштерді пісіруге, етті, құс етін қуыруға, ет тағамдарын торда дайындаған кезде бөлініп шығатын май мен шырынды жинауға және т.б. арналған қаңылтыр таба.
- Етті, құс етін және т.б. пісіруге және қуыруға арналған қалыптарды орнату үшін пайдаланылатын тұмшапеш торы. Тікелей торда қуырған кезде тор мен тамақ өнімдері арасына тағамдық жұқалтыр салу қажет.

	Төменгі қыздыру+жоғарғы қыздыру, мысалы, саңырауқұлақтарды, қақтау және кептіру үшін қолданылатын үнемді режим.
	Төменгі қыздыру тағамдарды қуыру, печенье дайындау, дайын тағамдарды жылыту үшін ұсынылады.
	Жоғарғы қыздыру негізінен дайын тағамдарды қызарту үшін қолданылады.
	Төменгі қыздыру+жоғарғы қыздыру. Бұл үй рецептілері бойынша тағамдар дайындау үшін қолданылатын дәстүрлі режим.

7 ҚУЫРУ ШКАФЫНДА ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Біздің плитада Сіз кез келген тағамды оңтайлы тәсілмен дайындай аласыз. Уақыт өте келе Сіз плитаның барлық мүмкіндіктерін пайдалануды үйренесіз, сондықтан төменде берілген ұсыныстарды тек қана жалпы сипаттағы нұсқаулар ретінде қарастыру керек, Сіз оларды өз тәжірибеңізге сүйене отырып өзгерте аласыз.

Жалпы ұсыныстар:

1. Қуыру шкафында пісірмелер дайындар алдында оны қажетті режимде 20-25 минут қыздырып алыңыз.

2. Кондитерлік өнімдер мен нан тағамдарын пісірген кезде қуыру шкафының есігін ашпаған жөн, пісіру процесін мүмкіндігінше әйнек арқылы қадағалаған жөн.

Нан тағамдарын пісіру

Картоп шаньгасы

Термореттегіштің тұтқасын 200°С температураға орнатыңыз. Қуыру шкафының жұмыс режимдерін таңдау тұтқасын мына күйге орнатыңыз: .

Шкаф қызғаннан кейін (20 - 25 минут) термореттегіштің сигнал шамы өшеді. Шаньға салынған қаңылтыр табаны ортаңғы деңгейге қойыңыз, термореттегіштің тұтқасын 175°С температураға ауыстырыңыз. Пісірудің жалпы уақыты - 15 минут.

Етті бәліш

(ет алдын ала қуырылады)

Термореттегіштің тұтқасын 200°С температураға орнатыңыз. Қуыру шкафының жұмыс режимдерін таңдау тұтқасын мына күйге орнатыңыз: .

Шкаф қызғаннан кейін (20 - 25 минут) термореттегіштің сигнал шамы өшеді. Бәліш салынған қаңылтыр табаны ортаңғы деңгейге қойыңыз, термореттегіштің тұтқасын 175°С температураға ауыстырыңыз. Бәліш пісірудің жалпы уақыты - 15 минут.

Балық бәліші

Термореттегіштің тұтқасын 200°С температураға орнатыңыз. Қуыру шкафының жұмыс режимдерін таңдау тұтқасын мына күйге орнатыңыз: .

Шкаф қызғаннан кейін (20 - 25 минут) термореттегіштің сигнал шамы өшеді. Бәліш салынған қаңылтыр табаны ортаңғы деңгейге қойыңыз, 25 минуттан кейін термореттегіштің тұтқасын 175°С температураға ауыстырыңыз. 5 минуттан кейін бәліш дайын болады.

Құмырада көкөністермен пісірілген ет

Құмаралар қойылған қуыру шкафының торын ортаңғы деңгейге қойыңыз, содан кейін термореттегіштің тұтқасын 250°С температураға, ал жұмыс режимдерін таңдау тұтқасын  күйіне орнатыңыз.

Шкаф қызғаннан кейін (20-25 минут) термореттегіштің сигнал шамы өшеді. Термореттегіштің тұтқасын 175°С температураға ауыстырыңыз.

7 минуттан кейін термореттегіштің тұтқасын 150°С температураға ауыстырыңыз. Ет дайындаудың жалпы уақыты - 45 минут.

8 ПЛИТАҒА КҮТІМ ЖАСАУ

Назар аударыңыз Плитаны таза ұстаңыз - бұл оның қызмет мерзімін ұзартады. Плитаны тазалау алдында оны электр желісінен ажыратып қойыңыз!

Плитаны қаптамадан шығарған кезде "скотч" қаптау таспасынан қалған желім іздерін спирт ерітіндісімен кетіріңіз.

Плитаны жылы сумен, сабынды немесе басқа сұйық жуғыш құралмен және жұмсақ матамен тазалау қажет.

Өткір заттарды тазарту үшін кедір-бұдырлы, жемір жуғыш құралдарды қолданбаған жөн. Қиын кететін дақтарды алдымен жібітіп алу қажет.

Тазартуды бастар алдында кемпіректерді суытып алыңыз.

Электр кемпіректердің жақсы сыртқы түрін сақтау үшін және олардың бетінде тоттың пайда болмас үшін электр кемпіректердің бетін бірнеше тамшы өсімдік майымен мезгіл-мезгіл ылғалдандырып отырған жөн, содан кейін кемпіректерді ыдыс қоймай, ауыстырғыштардың тұтқаларын «3» күйіне орнатып, майдың көрінетін іздері кеткенінше қыздыру қажет.

Пайдалануда ұзақ үзіліс болғанда электр кемпіректерді сәл майланған күйде сақтау керек.

Қуыру шкафын тазарту ыңғайлы болуы үшін есігін шешіп алуға болады. Бұл үшін есікті толығымен ашып, есіктің иінтірегі астына диаметрі 5...6 мм шыбық немесе дөңгелек өзек қойыңыз да есікті өзіңізден әрі жылжытып иінтіректі ілінісуден шығарыңыз, содан кейін есікті шешіп алыңыз.

Есіктің ішкі әйнегін тазалау үшін сыртқы әйнекті шешіп алуға болады. Бұл үшін есіктің тұтқасын бекітетін екі бұраманы және есіктің төменгі планкасының екі бұрамасын босаңсытыңыз да сыртқы әйнекті шетке жылжытыңыз.

Қуыру шкафы есігінің әйнегін тазалау үшін қатты қажағыш тазартқыштарды немесе қатты металл қырғыштарды п***айдаланбаңыз,*** өйткені олар плита бетін сырып, плита уатылып сынуы мүмкін.

Плитаны тазарту үшін бумен тазарту әдісін ***қолданбаңыз***.

Ақаулықтар туындаған кезде плитаны электр желісінен ажыратыңыз да жөндеу ұйымының маманын шақырыңыз.

9 САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Электр плиталар ауа температурасы + 1 °С-тан + 40 °С-қа дейін болатын**,** салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын, ауада электр плиталардың материалдарына зиянды әсер ететін қышқылды және басқа да булар болмайтын, жылытылатын орынжайларда сақталуы тиіс.

Тек қана зауыттық қаптамада жауын-шашыннан және механикалық бұзылудан сақтандырыла отырып тік күйінде тасымалдау қажет.

Электр плитаны қала ішінде зауыттық қаптамада байламай тасымалдауға жол беріледі.

10 ТОЗҒАН АСПАПТЫ

Қаптау материалын кәдеге жарату кезінде қоршаған ортаны қорғау туралы ұмытпаңыз.

Егер ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны плиталарды орнатумен және жөндеумен айналысатын мамандандырылған ұйымға тапсыру қажет (кепілдікті жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдардың өзекті тізбесі http://lzbt.ru/customer/service/ сайтында жарияланған).

Егер плита қоқыс тастайтын жерге немесе металл сынықтарын тапсырылатын арнайы бөлінген орындарға жіберілген болса, оны әрі қарай пайдалануға жарамайтындай етуді ойластырыңыз. Жалғағыш сымын кесіп тастаңыз, кемпіректер мен ТЭҚ-терді шешіп алыңыз. Балалардың қолына түссе, жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін екені есіңізде болсын.

11 КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұл плиталар жаңадан енгізілетін тұрғын үйді жиынтықтауға және қызмет мерзімі өтіп кеткен электр плиталарды ауыстыруға арналған.

Дұрыс пайдаланған кезде, осы нұсқаулыққа сәйкес, өндіруші кәсіпорын жаңадан енгізілетін тұрғын үйге орнатқан күннен бастап және қызмет мерзімі өтіп кеткен электр плиталарды ауыстырған кезде электр плитаның сенімді жұмысына 1 жыл мерзімге кепілдік береді, бірақ өндірілген күннен бастап 1,5 жылдан артық емес.

Электр плита қоғамдық тамақтану ұйымдары мен кәсіпорындарында пайдалануға, өнеркәсіптік мақсаттарда, пайда алу мақсаттарына арналмаған.

Электр плитаның қызмет мерзімі - 10 жыл. Электр кемпіректердің қызмет мерзімі - 5000 сағат. Түтікті қыздырғыштардың қызмет мерзімі - 1500 сағат.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сатылған және орнатылған күні белгіленген мөртабан болмаған кезде, кепілдік мерзімі плита жасап шығарылған күнінен есептеледі.

Электр плитаның тораптарын кепілдікті ауыстыруды жөндеу ұйымдарының мамандары, немесе, олар болмаған кезде, өндіруші зауыт жүргізеді, мұндайда зауытқа істен шыққан электр плита тораптарын және бұйымның моделі, шығарылған жылы, нөмірі көрсетілген кепілдік талоны міндетті түрде жіберілуі тиіс.

Осы кепілдік қызмет мерзімі шектеулі болатын толымдауыш бұйымдарға (мысалы, қуыру шкафының шамына) қолданылмайды.

Плитаны жөндеу кезінде жөндеу жүргізген ұйым қызметкері жыртпалы кепілдік талондарын толтырып, өзімен алып кетеді.

Кемшіліктер кепілдікті жөндеу кезінде жойылған жағдайда, плитаға берілген кепілдік мерзімі плита пайдаланылмаған кезеңге созылады. Көрсетілген кезең тұтынушының ақаулықтарды жою туралы талаппен жүгінген күннен бастап жөндеуі аяқталған плита берілген күніне дейін есептеледі.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық жыртпалы талондарымен бірге жоғалған кезде өндіруші зауыт олардың телнұсқаларын бермейді.

Өндіруші зауыт плитаны сатқаннан кейін және плита орнатылғаннан кейін оның жиынтықтылығы мен механикалық зақымдануларына қатысты наразылықтар қабылдамайды. Өндіруші зауыт мына жағдайларда жауапкершілік алмайды:

- тасымалдау және сақтау ережелері сақталмаса;
- орнату және пайдалану ережелері сақталмаса;
- электр плитаны жөндеуге құқығы жоқ тұлға бөлшектеген болса;
- жарықтар пайда болуы себебінен қыздырғыштар істен шықса;
- электр плита кернеуі жоғары желіге қосылған болса;
- ақаулықтар төтенше жағдайлардан немесе еңсерілмейтін күш әсерінен (өрт, табиғи апаттар және т.б.) туындаған болса.



Назар аударыңыз! Термореттегіш, ауыстырғыштар, электр кемпіректері, түтікті қыздырғыштар, жалғағыш сым істен шыққан кезде олар жөндеуге жатпайды және ауыстыруды қажет етеді.

Кепілдікті жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдардың өзекті тізбесі http://lzbt.ru/customer/service/ сайтында жарияланған.

ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫННЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
Ресей, Пермь өлкесі,
Лысьва қ.,
Металлистов көш., 1
«ЛЗБТ» ЖШҚ

ТШ 3468-002-88059716-2014 электр плитасы КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келеді және сәйкестік сертификаты бар.

Сәйкестік сертификатының нөмірін 4-кестеден қараңыз.

4-кесте

Плитаның түрі	Модель	Сертификат №
ЭБЧШ 5-3-6,0-230	ЭП 301СТ	RU-C-RU.МЛ03.В.00084
ЭБЧШ 5-4-7,0-230	ЭП 401СТ	
ЭБЧШ 5-4-7,0/5,5-230	ЭП 411 СТ	

Энергия тиімділігі туралы ақпарат:

1. Электр шкафының энергетикалық тиімділік класы ГОСТ Р 55013 сәйкес айқындалған.
2. Электр кемпіректердің ПӘК ГОСТ 14919 сәйкес айқындалған.

12 ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Сатылған күні

Кім сатты (сауда ұйымының атауы)

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мөртабаны)

Орнатылған күні

Пайдалануға қабылдау үшін жауапты тұлғаның қолы

№1 кепілдік талонының түбіртегі

Толымдауыш бөлшектері ауыстырылды .....

Жөндеу ұйымының атауы .....

Жөнделген күні Мастер .....(қолы, тегі)

Мастер .....(қолы, тегі)

ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мөртабаны) .....

Орнатылған күні .....

Ақаулықтың сипаты .....

.....

Істен шыққан күні .....

Ақаулықты жою бойынша орындалған жұмыстар

.....

Жұмсалған қосалқы бөлшектер .....

.....

Жөнделген күні.....

Пайдалануға жарамдылығы .....

Аспап иесінің қолы .....

Жөндеу кәсіпорнының атауы .....

.....

№2 кепілдік талонының түбіртегі

Толымдауыш бөлшектері ауыстырылды .....

Жөндеу ұйымының атауы .....

Жөнделген күні Мастер (қолы, тегі) ..... Мастер ..... (қолы, тегі)

ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мөртабаны)

.....

Орнатылған күні .....

Ақаулықтың сипаты .....

.....

Істен шыққан күні .....

Ақаулықты жою бойынша орындалған жұмыстар

.....

Жұмсалған қосалқы бөлшектер .....

.....

Жөнделген күні.....

Пайдалануға жарамдылығы .....

Аспап иесінің қолы .....

Жөндеу кәсіпорнының атауы .....

.....